

**Масимова Хуршидам Ташболатовнаның
6D010300- «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясына**

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту.

Зерттеудің мақсаты:

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту жүйесін ғылыми-әдіснамалық негіздеу, әдістемесін дайындау және тиімділігін тәжірибелік – экспериментте дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. «Бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті» ұғымдарының мәнін нақтылау;
2. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамасын жасау, теориялық және практикалық алғышарттарын негіздеу;
3. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттарын анықтау;
4. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін құрастыру, әдістемесін дайындап, тиімділігін тәжірибелік – экспериментте тексеру.

Зерттеу әдістері:

– *Теориялық:* педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың теориялық және практикалық аспектілерімен байланысты философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, нормативтік құжаттарды, біліктілікті арттыру бойынша оқу бағдарламаларын зерделеу, ғылыми әдебиеттерге аналитикалық шолу жасау.

– *Эмпирикалық:* бақылау, сұхбат алу, әңгімелесу, сауалнама жүргізу; педагогтердің бағалау іс-әрекетінің даму нәтижелеріне талдау жасау; педагогикалық эксперимент нәтижелерін өңдеудің статистикалық және графикалық әдістері.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

– Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті – бұл оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, жетістікке жету қабілетін және танымдық белсенділігін қалыптастыратын мақсатты, жүйелі, үздіксіз үдеріс.

– Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту ресми бекітілген біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және курстан кейінгі қолдау Ережелері негізінде мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру үдерісі жағдайында тиімді болады.

– Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік блоктардан, мотивациялық – мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, рефлексивтік компоненттерден тұрады және білім беру

бағдарламаларын құрастырумен, әдістемелік құралдарды жасаумен, оқыту үдерісінде өзекті әдістемені, инновациялық технологияларды қолданумен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- зерттеу аясындағы негізгі ұғымдар нақтыланды, «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті» ұғымына авторлық анықтама берілді;
- педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамасы құрастырылды және психологиялық – педагогикалық шарттары анықталды;
- біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және курстан кейінгі қолдау Ережелері негізінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курсының тиімділігі негізделді;
- педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі, жүйелі әдістемесі, педагогтердің біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы құрастырылды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі және ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

Бірінші нәтиженің жаңалығы «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламасының 76-79 қадамдарына сәйкес ЭЫДҰ елдері стандарттары негізінде адами капитал сапасын өсіру, білім беру жүйесінде білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру үшін бәсекелестікке қабілетті кадрларды дайындау мақсатын жүзеге асыру аясында зерттеудің әдіснамалық негіздеріне сүйеніп «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті» ұғымына авторлық анықтама беру және негізгі ұғымдарды нақтылау мен айқындалады.

Екінші нәтиженің жаңалығы Қазақстан республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының мақсатына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі» Заңына сәйкес педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін тиімді дамытуға негіз болатын психологиялық – педагогикалық шарттардың айқындалуымен сипатталады.

Үшінші нәтиженің жаңалығы Мемлекет басшысы Қ.Ж Тоқаевтің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – Ел өркендеуінің берік негізі» атты 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі халыққа жолдаған Жолдауындағы педагогтердің даярлығына қойылатын талаптарды жүзеге асыру, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай – ақ, педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына сәйкестілігімен негізделеді.

Төртінші нәтиженің жаңалығы Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік блоктардан құралған құрылымдық-мазмұндық моделін, «Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері» атты білім беру бағдарламасы және оның әдістемесін құрастыру мен сипатталады.

Алынған практикалық материалдар және «Критериалды бағалау жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері» атты әдістемелік құрал біліктілікті арттыру жүйесі, орта білім беру ұйымдары педагогтері және педагогикалық мамандықтар студенттері үшін құнды саналады.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі):

Диссертациялық зерттеу аясында оның негізгі мазмұнын ашатын 12 жұмыс жарық көрді: олардың ішінде Scopus базасына енген халықаралық журналдарда 1 мақала, ҚР ҒЖЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференцияларда 7 мақала, сондай – ақ, 1 әдістемелік құрал жазылды.

1. Development of the evaluative activities of teachers in the conditions of updated education // Cypriot Journal of Educational Science. (2022), April. T. 17. B 4, C.15, Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayıncilik Merkezi. ISSN:1305-9076E-ISSN:1305-905X (Co-authors: Duisenbaevna,U.Z., Kaldyhanovna, K.R., Koyshibaevna, A.G., Ulmeken, Z., Gulzat, S 50%);

Мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамыту мәселесі сипатталады.

[file:///C:/Users/OCJuldzyz/Downloads/3.+Massimova+Khurshidam+Tashbolatovna,+CJES,+MART,+2022_Clear%20\(3\).pdf](file:///C:/Users/OCJuldzyz/Downloads/3.+Massimova+Khurshidam+Tashbolatovna,+CJES,+MART,+2022_Clear%20(3).pdf)

2. Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтердің бағалау әрекетінің мәні, мазмұны, құрылымдық ерекшеліктері // Абай ат ҚазҰПУ «Педагогика және психология» ғылыми – әдістемелік журнал №4 (41) 2019ж. - 29-42 б. (100%);

http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200525101831.pdf

Мақалада заманауи білім беру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің мәні, мазмұны, ұстанымдары негізделген.

3. Критериалды бағалауды жүзеге асыруда педагогтің бағалау әрекетінің ерекшеліктері // Абай ат. ҚазҰПУ «Хабаршы – Вестник – Bulletin» «Педагогика ғылымдары» сериясы №4 (64) 2019. -33- 39 б. (100%);

http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200113110758.pdf

Мақалада бағалаудың жаңа жүйесін қолдануда педагогтердің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері ғылыми негізделген.

4. Қалыптастырушы бағалауды қолдануда педагогтің бағалау іс-әрекеті // «Наука и жизнь Казахстана» халықаралық журнал № 7/2 2020. -169-177 б. (Қосалқы автор: Баймолдаев Т.М., 50%);

<https://cloud.mail.ru/attaches/15946414671452143466%3B0%3B1?folder-id=0&x-email=khurshidam.tashbolatovna%40mail.ru&cvp=f>

Мақалада педагогтердің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері, қалыптастырушы бағалаудың маңызы сипатталған.

5. Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогикалық инновацияларды қолдану ерекшеліктері // «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы II халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция. Алматы. 22-23 қараша 2018. - 100-104 б. (100%);

Мақалада педагогикалық инновацияларды біліктілікті арттыру жүйесінде қолданудың маңызы сипатталады.

6. Білім берудегі инновациялар негізінде педагогтердің кәсіби қузыреттілігін дамыту // «Педагогикалық инновациялар заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы» халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. Ақтөбе 11 қаңтар 2019. - 432-434 б. (Қосалқы автор: Акжолова А.Т., 50%);

Мақала педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдарын айқындайды.

7. Критериалды бағалаудың ғылыми – теориялық негіздері // Международная научно-практическая конференция «Развивающая образовательная среда в школе, колледже и вузе – современные тренды и исследования». Московская обл, г. Дзержинский, 12 апреля 2019. - 72-78б. (Қосалқы автор: Көшербаева А.Н., 50%);

Мақалада критериалды бағалаудың ерекшеліктері, маңызы, педагогтердің критериалды бағалауды қолдану барысындағы іс – әрекеті ғылыми негізделеді.

8. Критериалды бағалаудың маңызы // «Мұғалім бейнесі – ұлт мәртебесі» халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. I бөлім. Шымкент, 24 мамыр 2019. - 154-158 б (100%);

Мақала критериалды бағалаудың құрылымдық ерекшеліктерінің мәнін айқындауға негізделген.

9. Жаңартылған білім беру мәнмәтінінде педагогтердің біліктілігін арттыру үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері // «Инновациялық даму жағдайында білім берудің психологиялық – педагогикалық мәселелері» IX халықаралық ғылыми – практикалық конференция, 05 мамыр, 2020 . - 435-439 б. (100%);

Мақалада педагогтердің біліктілігін арттыру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері және оның тиімді жолдары сипатталады.

10. Некоторые аспекты оценочной деятельности педагога в интегративном образовательном пространстве // Международная научно-практическая конференция «Интеграция науки и образования: проблемы и перспективы» Атырау. 10 июня 2020. - 22-26 б. (100%);

Мақалада кіріктірілген білім беру ортасында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің аспектілері қарастырылады.

11. Заманауи білім беруде педагогтің бағалау іс әрекетінің психологиялық аспектілері // «Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде ұлттық психологияның рөлі» халықаралық ғылыми – практикалық конференция. Алматы. Онлайн. 21 апрель, 2021. (100%);

Мақалада заманауи білім беруде педагогтердің бағалау іс – әрекетінің психологиялық астарлары қарастырылады.

12. Критериалды бағалау жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері. Әдістемелік құрал. Алматы. «Дайыр баспа» баспасы, 2022. - 52 б. (Көшербаева А.Н., 50%).

Әдістемелік құралда педагогтердің бағалау іс – әрекетінің критериалды бағалауды қолдану аясындағы ерекшеліктері негізделеді және практикалық тұрғыдан қарастырылады.

Барлық жарияланымдар докторанттың диссертация мазмұнына байланысты, алынған нәтижелерге сәйкес негізінен жеке орындалған еңбектері болып табылады.